

Мектептегі мерекелер

№4 (178)
2023

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

А. Жумагулова. Тәуелсіздік – тұғырым, ұзақ болсын ғұмырың!	3
А. Ибраева. Ардагерлер – даналық пен даңқтың үлгісі!	5
А. Кожобекова. Ел рухын көтерген батырлар	9
Р. Бекишова. Туған тілім – тірегімнің айғағы	12
Н. Жумина. Ақылды қария – ағып жатқан дария	14
А. Түгелтаев. Қонақжай халық ұрпағымыз	17
М. Асанова. Әке – асқар тау	21
Б. Дуйсенова. Ана – өмірдің гүлі	23
Р. Ашимбекова. Ас атасы – нан	25
Ж. Жоламанова. Менің құқығым	26
Г. Нысанбаева. Бала – ұрпақ жалғасы!	28
А. Құрманғалиева. Төлен Әбдік – қазақ прозасында ерекше қолтаңбасы бар қаламгер	31
А. Кемалова. Өнегелі қаламгер	32
А. Альжанова. Жарысқа шық	35
А. Ашкиева. «Үйшік» ертегісіне саяхат	37
Оқушылар шығармашылығы	39

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
14.04. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Тәуелсіздік – тұғырым, ұзақ болсын ғұмырың!



**Лаура Мукановна
ЖУМАГУЛОВА,**
№32 жалпы білім
беретін мектептің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Түркісіб ауданы,
Алматы қаласы.

Мұғалім: Армысыздар, қадірменді қонақтар! Бүгінгі тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған сынып сағатымызды бастайық.

ҚР Әнұраны орындалады.

Әуен ойнап тұрады. Балалар қазақ биін билеп жүреді.

Бір мезгілде дабыл қағылып, қатты дүмпудің дыбысы естіледі. Балалар жата қалады. 1986 жыл 16 желтоқсан жазуын ұстаған бір оқушы өтеді.

(Слайдтан желтоқсан әні көрсетіліп, музыка ойнап тұрады)

1-оқушы: Тәуелсіздіктің түп тамыры «Желтоқсан» оқиғасына тікелей байланысты екендігіне ешкім дау айта алмас. Бейбіт шеруге шығып, билік тарапынан кінәлі деп саналған жастарымыздың бір бөлігі қанды қырғында көз жұмса, аман қалғандары өздері аңсаған азаттықтың қызығын көруде.

«Қазақстаным» әні орындалады.

Күн шығады. (Шашу шашады)

2-оқушы: Уақыт емші деп өзімізді жұбатқанымызбен, Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова, Ербол Сыпатаев

сынды қандастарымызды естен шығару мүмкін бе?

(Слайдтан желтоқсан құрбандарының портреттері шығып тұрады)

Осы Желтоқсан оқиғасы салдарынан қаза болған жазықсыз жастарымыздың рухына бас иіп, орынымыздан тұрып бір минут еске алайық!
(Бір минут үнсіздік)



3-оқушы:

Желтоқсан-ау! Ұмытылмайсың жүректе,

Ұрпақ өсер айналатын тірекке.

Егемендік тиді бүгін еншіме,

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Мұғалім: Енді осы келіп жеткен тәуелсіздігімізді ауыл-ауыл болып тойлайық.

I. Тәуелсіздік ауылы.**4-оқушы:**

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,

Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің.

Бүгінде бар әлемге даңқын жетті,

Тәуелсіз Қазақстан — елім менің.

5-оқушы:

Он алтыншы желтоқсан,

Тәуелсіздік алған күн.

Мерекеге ел тосқан,

Шырқатып ән салған күн.

6-оқушы:

Жиырма бес жыл, жиырма бес жыл азаттық,

Өзімізді құрсаудан да босаттық.

Ақтадық біз ата-баба үмітін,

Қолда қазір көк ту менен бостандық.

7-оқушы:

Тәуелсіздік — мақтанышым,

Бізге бақыт сыйлаған.

Бейбіт күнде мен тынышпын,

Әрбір таңым — нұр маған.

8-оқушы:

Астана — біздің сәніміз,

Білім — біздің нәріміз.

Азат елдің тірегі,

Болайықшы бәріміз.

«Бал-балалық» әні орындалады.

II. Білімділер ауылы.

Мұғалім: Біз тәуелсіздігімізді алған-



нан бергі деректерге шолу жасайық. Ол жайында білімділер ауылы айтсын.

(Айтулы даталарды жазып, айту)

9-оқушы: 1991 жылы еліміз өз алдына егемендік алып, тұңғыш тәуелсіз ел дүниеге келді. 1991 жылы желтоқсанның бірінде Республика жұртшылығы тұңғыш рет Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Республиканың президенті етіп сайлады.

10-оқушы: 1992 жылы 4 маусымда Президент Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы, Елтаңбасы, Әнұраны туралы заңға қол қойды.

11-оқушы: 1993 жылы 15 қарашада төл теңгеміз дүниеге келді.

12-оқушы: 1995 жылы 30 тамызда Ата Заңымыз қабылданды.

13-оқушы: 1997 жылы Астана Ақмола қаласына көшірілді.

III. Рәміздер ауылы.

(Түрлі-түсті қағаздан рәміздерді жапсырмалау. Сол туралы айту)

15-оқушы:

Мемлекеттік Әнұранның авторлары – әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Әнұраным – жанұраным,

Айтар әнім – сөйлер сөзім.

Туған жерім – сағынарым,

Мың қайталап айтам мұны.

16-оқушы: Мемлекеттік тудың авторы – Шәкен Ондасынұлы Ниязбеков, белгілі монументші-суретші.

Көк аспандай көкпеңбек,

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен-тек,

Елдің ашық қабағы.

Ақ ниеті – алтын күн,

Асқақ арман – қыраны.

Жалауы бұл халқымның

Мәртебесі, мақтаны.

17-оқушы: Мемлекеттік елтаңбаның авторлары танымал суретшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Аман Уәлиханов.

Елдігімнің белгісі.

Елтаңбасы елімнің

Неткен әйбат, әдемі!

Тұнығындай көңілдің,

Ортада – аспан әлемі.

Құт, береке, шаңырақ,

Орын алған ол төрден.

Қанатты қос арғымақ.

Екі жақтан көмкерген.

Тәуелсіздік жолында

Талай-талай тер тамған...

Билігім өз қолымда,

Еркіндігім – елтаңбам.

IV. Қазақстан ауылы.

(Пазлдан Қазақстан картасын құрастырып қалаларды көрсету)

18-оқушы: Қазақстанымыздың жері ұлан-байтақ. Елімізде 14 облыс, 15 ірі қалалар бар.

Көрікті өлкеме қарашы,

Тізілген орман-тау, қаласы.

Алтай мен Атырау арасы,

Қазақтың кең-байтақ даласы.

«Жаса Қазақстан» әні орындалады.

Мұғалім: Қазақстанымыз – шаңырағы биік, босағасы берік, көп ұлтты бір шаңырақ астына сыйғызып отырған тәуелсіз мемлекет.

(«Қазақстаным» әні шырқалып, ортаға шаңырақ көтерген қыз бен ұл шығады. Жан-жағынан 10 оқушы шығып лентаны ұстайды)

Ардагерлер – даналық пен даңқтың үлгісі!



Ардақ Қадыржанқызы ИБРАЕВА,
Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжінің
кітапхана меңгерушісі.
Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.

Тақырыбы: 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне және Қазақстан Қарулы күштеріне – 31 жыл толуына арналған «Ардагерлер – даналық пен даңқтың үлгісі» атты ардагерлермен мерекелік кездесу.

Мақсаты: Қазақстанның Қарулы күштері жайлы білімді қалыптастырып, студенттерге Ұлы Отанды сүйеге, қазіргі тандағы арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып ержүректілік, отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Студенттердің бойында патриоттық рухын қалыптастыру арқылы адамгершілігі мол, парасатты тұлғаны тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Слайд. Сахна шетіне «Ел қорғаған, жер қорғаған балалар» атты тақырыптық кітап сөресі қойылады.

I жүргізуші: Қайырлы күн, қадірлі қонақтар, құрметті ұстаздар, еліміздің болашағы – жастар!

II жүргізуші:

Армысыздар, ағалар, ардагерлер!
Ар сыналған жылдары от кескендер.

Армысыздар, ардақты азаматтар,
Отбасының тірегі, елді бастар.

I жүргізуші:

Армысыздар, кешіміздің асылдары,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Сіздер үшін ән мен жыр, өлең мен күй,
Сіздер үшін өнердің шашулары!

II жүргізуші: 7 мамыр – Қазақстан Қарулы күштерінің туған күні. Биыл Қазақстан Қарулы күштеріне 31 жыл толып отыр. Тарихтағы әрбір даңқты күндер секілді бұл мерекеміздің де өзіндік орны бар. Бұл күн – қазақстандықтардың ерлікке толы шежіресін және Отанға қызмет ету дәстүрінің сабақтастығын сипаттайды.

I жүргізуші: Біз, бұл күні Ұлы Отан соғысы ардагерлері, ерлік пен батылдықтың өлшеусіз үлгісін көрсеткен барлық жерлестеріміз бен Ауғанстан-

ның отты жолдарымен өткен ержүрек жауынгерлер алдында тағзым етеміз. Ендеше, осы мерейлі мерекеге арналған «Ардагерлер — даналық пен даңқтың үлгісі» атты кездесу кешіне қош келдіңіздер!

II жүргізуші: Сонымен қатар, 9 мамыр күні — Ұлы Жеңіске 78 жыл толады. Сіздерді келе жатқан осынау қос мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Бүгінгі күні елімізді мемлекетіміздің қарулы күштері, құрлық күштері, әуе қорғанысы күштері және әскери-теңіз күштері сапындағы сарбаздар, күндіз-түні қорғауда.

I жүргізуші: Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қакпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындалады.

I жүргізуші:

Кешіміз өтіп жатыр салтанатты, Төгілген күн нұрының шапағаты. Ортада биші қыздар би билейді, Халайық қол соғыңыз мархабатты.

«Катюша» биі орындалады.

II жүргізуші: Бүгін біз өте қуаныштымыз, бізге қонаққа Қазақстан Республикасының Қарулы күштері сапында еңбек еткен ардагер ағаларымыз келіп отыр. Ерліктің даңқын асқақтатып, өздерінің азаматтық түр тұлғасын танытып жүрген ардагер ағаларымыз қашанда, қай кезде де

мадақ пен марапатқа лайық жандар.

I жүргізуші: Атақты жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы: «Айбындылық аспаннан түспейді» деп қаһарман ұлдарын пана тұтқан. Сондықтан ардагерлерді құрметтеу — біздің азаматтық парызымыз деп білеміз.

II жүргізуші:

Жүрекке адалдықтың еккен гүлін,
Ғажайып келешектің төккен үнін.
Ардақты ағаларға шын көңілден,
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін!

I жүргізуші:

Халық легі куәсіндей елдіктің,
Көптен бері осы күнді сағынған.
Ардагерлер осында отыр ерліктің,
Медальдарын, ордендерін тағынған,
- дей келе, ортамызға қонаққа келіп отырған ардагер ағаларымызға қошемет пен құрмет көрсетейік.

I жүргізуші: Қарулы күштерге — 31 жыл туралы мағлұматтар базасын нығайту үшін, сөз колледжіміздің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы, подполковник Шарипов Ерғали Кенжебекұлына баяндама жасау үшін ұсынылады.

II жүргізуші:

Ұрпақпен өмір жолы жалғанады,
Көңілді күндер тусын алдан әлі
Ән-шашу әсем бимен, түрлі өнер,
Бүгінгі күн сіздерге арналады, - деп
ән шашуды қабыл алыңыздар.

I жүргізуші:

Міне, өтті қас қағымда қанша жыл,
Еске алып ұрпақтарың жазды жыр.
Ерлерді ешқашанда ұмытпаймыз,
Отанменен әрқашанда жаны бір.

Колледжіміздің кітапханаішілік «Сөз сыры» үйірмесі мүшелерінің өлең-жырларына кезек берейік.

II жүргізуші:

Тұлғаларың әрқашан биік тұрар,
Батыр деген бұл сөзге сиып тұрар.
Ізгіліктің, ерліктің, қайсарлықтың
Өсиетін шүмектеп құйып тұрар, -
деп тарих беттерін парактап, бүгінгі
күнге үлкен еңбекпен, ерлікпен жетіп
отырған ағаларымызға сөз кезегін бе-
рейік.

*(Еркін микрофон жұмыс жасайды,
сауал қоямын деушілерге рұқсат беріле-
ді)*

I жүргізуші:

Себездеп алтын ара жан-жағыңнан,
Ту тіккен алаулаған арманыңнан.
Кеуденде махаббаттың шоғы маздап,
Биіктен биіктерге самға, қыран, - деп,
«Отан қорғаушылар» әнін қабыл алы-
ңыздар.

II жүргізуші:

Тапталмайтын түнгі ізі,
Сақшысы болам Отанның.
Жарқырап жанған жұлдызы,
Келеді ұлан атанғым, - деп ендігі ке-
зекті, 2-курс студенттері Калашников
автоматын бөлшектеп-жинау әдісін
көрсетеді.

I жүргізуші:

«Қасіретін көзбен көрген жалған-
ның,
Көкірегінде мәңгілікке қалған мұң.
Алдарында бас иеміз тағзым қып,
Соғысында қан кешкендер Ауған-
ның», - деп батылдық пен ерліктің
ерен үлгісін көрсеткен Алматы облы-

сы әуе десант әскері Ауған соғысы бір-
лестігінің төрағасына сөз беріледі.

II жүргізуші:

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке,
Отбасында болсын ырыс-береке.
Құттықтаймыз шын жүректен сіз-
дерді,

Өмір думан, бақ әкелсін мереке, -
деп «Попурри» әнін қабыл алыңыздар.

I жүргізуші:

Ағаларым жаралған ерлік, рухтан,
Аянбастан, отқа күйіп, ел қорғаған.
Отан үшін тер төгіп атойлаған,
Бізге күнді, көк аспанды сыйға тарт-
қан, - дей келе, сөз кезегі Қазақстан
Республикасы Қарулы күштерінің,
Талдықорған қаласының ардагерлер
ұйымының төрағасына беріледі.

II жүргізуші:

Егеменді ел болып қалыптастық,
Өркениетке қадамды анық бастық.
Туған жердің тұғыры биік бол деп,
Шын жүректен осы әнді сыйға тарт-
тық, - деп келесі кезекті әсем әндерге
берсек.

II жүргізуші: Қадірлі ардагерлеріміз-
дің құрметіне колледжіміздің музыка
жетекшісі Руслан Амантайұлы «Офи-
церы» әнін тарту етеді, қабыл алыңыз-
дар!

I жүргізуші:

Ұстаздар жақсылықтың жол ашары,
Қолында шәкіртіңнің болашағы.
Өмірді алға қарай өрлететін,
Сендер ғой Ұлы Отанның болашағы,
- деп қортындылау сөз ҚР Білім беру
ісінің үздігі, колледж директоры Жұ-
маділов Әсет Қазыйұлына беріледі.

II жүргізуші:

Сіздер бізге қашанда үлгісіздер,
Тым алысты көретін дүрбісіздер.
Адамзатқа жақсылық әкелуде,
Жапырақты, саялы, бүрлісіздер.

I жүргізуші:

Ағалар біздің кең арқау асқарымыз,
Жолын қуар солардың жастарымыз.
Абзал жанды ақылгөй ағаларға
Ілтипатпен иілген бастарымыз, - дей
отыра, бүгінгі мерекелік кешіміз өз
мәресіне жеткенін хабарлаймыз.

II жүргізуші:

Осы кешке қонақ болып келген ар-
дагерлерге, алтын уақыттарыңызды
бөліп, жас ұрпақпен сыр бөлісіп, сұх-

баттасып әңгімелескендеріңізге мың
да бір алғыс айтамыз. Бүгінгі кездесу-
ден жастарымыз үлкен әсер алды де-
ген сенімдеміз.

I жүргізуші:

Барлық ер-азаматтарға Райымбек-
тің батырлығын, Қабанбайдың батыл-
дығын, Қарасайдың өткірлігін тілей-
міз. Ал, барша көпшілік қауымға зор
денсаулық, мол бақыт, бейбіт ғұмыр
тілейміз.

*Кешімізді «Атамекен» әнімен аяқ-
тап, (барлық қатысушылар сахнаға
шығады) соңында қонақтармен есте-
лікке фото суретке түсеміз.*

Ел рухын көтерген батырлар

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға Ұлы Жеңістің қан-
шалықты қиыншылықпен келгенін
түсіндіру.

2. Елін, жерін, Отанын қорғауға,
оны сүйуге тәрбиелеу. Патриоттық се-
зімге баулу.

Сабақ көрнекіліктері: сахнада Ұлы
Жеңіске арналып жазылған ерлік ту-
ралы нақыл сөздер, қабырға газеттері
ілінген. Ұлы Отан соғысы батырла-
рының суреттері, альбомдар, буклет-
тер.

1-жүргізуші: «Жеңіс үні»
(Сапарғали Бегалин).

Естідім-ау жеңіс үнін
Дүрілдейді көк пен жер,

Қуанышпен күлім қағып
Шаттанады қуанған ел.
Шықты ойнақтап жас ұландар
Мәз-майрам боп күліп сақ-сақ,
Қуанышты барлық жандар
Жеңіс атты жетті алтын шақ.

2-жүргізуші: Жеңіс күні — адамзат
аңсап күткен күн, жеңістің туын тік-
кен — 1945 жылғы 9 мамыр азаттық
күрестің айбынды күні.

1-жүргізуші: Жеңіс күні — бұл күн
өмірді сүйер адамзат қауымның есі-
нен мәңгі кете ме? Бірақ бұл Жеңіс
оңайшылықпен келген жоқ.

1-оқушы: Гитлершілдер соғыстың
бас кезінде 190 дивизияны, 5 мыңдай
самолетті, 3700-дей танкті, 50 мың-

дай орудие мен минометті шабуылға шығарды. Жерімізге басып кірген жау әскерлерінің жалпы саны 5,5 миллион адамға жетті.

Мұғалім: Балалар, осынау сұрапыл соғысқа Кеңес Одағының басқа да республикаларымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне біздің Қазақстан да өзінің лайықты үлесін қосты. Даңқты Қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында бір миллион 870 мың қазақстандықтар болған. Біздің халқымыз Александр Матросов ерлігін қайталаған Сұлтан Баймағамбетовтың, қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың, жау «жолбарысына» қас қақпай қарсы шауып, гранатамен қоса жарылған Қарсыбай Сыпатаевтың есімдерін мақтанышпен атайды.

2-оқушы:

Даламыздың даңқысын,
Балауса гүл, балғын қыз.
Жанын қиып, халқы үшін
Жанып түскен ақ жұлдыз.

3-оқушы:

Мәңгі жасап жерде енді,
Биік бол деп таулардан.
Сенің балғын бейнеңді
Жасап қойдық мәрмәрдан.

4-оқушы:

Сілкіктіп зеңбіректер жердің жүзін,
Оқ борап, снарядтар қаққанда
ызың.

Қаптаған қалың жаудан тайсалмаған

Мен көрдім пилоткалы қазақ қызын.

Қолында пулеметі «Максим» оның,
Бойында күш жігері тасқын оның.
Ерлермен тізе қосып шабуылда,
Оғымен қырғын майдан ашты жолын.

1-жүргізуші: Халқымыз Москваны қайсарлықпен қорғаған 28-панфиловшы батырларды ғұмыр бойы құрметпен есте сақтайды.

5-оқушы: «Москва»

Отанымның жүрегі -
Москва ұлы шаһарым,
Жау жақындап келгенде
Қауіп қатер төнгенде,
Бұрынғыдан мың есе
Арта түссін қаһарың.

6-оқушы:

Қасарысты, жиырма сегіз.
Тынбай атты гранатты.
Отан! деген отты лебіз
Жандарынан жалын атты.

7-оқушы:

Кетпес олар естен мәңгі,
Көктері тұр кеудемізде, -
Ерлік даңқы-жеңіс таңы
Жарқыратып келді бізге.

2-жүргізуші: Жеңіс тарихында асқан ерлікті бейнелейтін бұл ұрыста 28-панфиловшылардың 23-і қаза тапты, ал 28-дің 22-сі қазақстандықтар еді.

«Көгершіндер әні» хормен орындалады.

8-оқушы: Ұлы жеңісті жақындата түсу үшін жау тылында ел кегін, ер намысын қорғаған партизан жасақтарында 3000-нан астам жерлестеріміз шайқасқан еді.

9-оқушы: «Ата жаумен айкастық» (Жамбыл Жабаев).

Асқар таудай еліме
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде:
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемде!
Көз жібердім мен де елге:
Сонда елімнің түрінен
Тастай болып түйілген-
Қаһармандық аңғардым,
Жау сазайын бергенге!

10-оқушы: «Дала почтасы»
Мектептен келсем, жеңешем,
Отыр бір рахаттанып.
«Сүйінші!» - дейді не десем,
Төсінен үшкіл хатты алып.

11-оқушы:
Ағамнан екен — майданнан
Қуандық қандай күн-түні,
Шешемнің хатты «айналған»,
Жуылды жаспен кірпігі.
Содан соң...

Жеңіс келді де,
Жеңімпаз қалды Берлинде,
Үшкіл хат әлі жеңгемнің,
Паспортымен жүр бірге.

Мұғалім: Иә, балалар бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Ұлы Отан соғысына қатысқандар: Әди Шәріпов, Қасым Қайсенов, Нүркен Әбдіров, Сергей Луганский, Жұмағали Сайын, Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдулин, Мұсабек Сеңгірбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Григорий Булатов, Сабалақ Оразалинов сияқты есімдері аңызға айналған ағаларымызды, әкелерімізді, апаларымызды тарих бетінде «Батыр»деп жазып кетті.

- Құрметті балалар, сол ағаларымыздың рухына бас иіп, еске алайық. (1 минут еске алу).

12-оқушы: Жеңіс күні! Ол қалай келді? 1945 жылдың 30 сәуірінде Рейхстаг үстінде Рақымжан Қошқарбаев тіккен жеңіс туы желбіреді.

13-оқушы: 8 мамыр Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап, қол қойды. 1945 жылдың 9 мамыр күні бұрын-соңды болмаған мың зеңбіректен 30 дүркін салют атылды. Міне, жеңіс күні осылай келген еді.

14-оқушы: «Сүйінші» (Тайыр Жароков).

Сүйінші, халқым, сүйінші!
Белінді бекем буыншы.
Жеңдік жауды күйрете
Жасалған той-мереке!

15-оқушы:

Жеңіс деген — жақсылықтың сынары,
Жігерленген құштарлықтың құралы.

Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Сурет көрмесіне шолу жасалып, оқушылардың жазған шығармалары оқылады.

Айнұр Умирсериковна
КОЖАБЕКОВА,
Шатырбай орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Шатырбай ауылы,
Сарқан ауданы,
Алматы облысы.

Туған тілім – тірегімнің айғағы

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларды өз ана тілінің қадір қасиетін біліп, көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға үйрету;

2. Тіл көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой өрісін дамыту;

3. Тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сіңіре отыра, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге ат салысуға шақыру.

Сайыстың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Негізгі бөлім.

Мұғалім сөзі:

Туған тілім — тірегімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім, менде бірге өсемін,

Өшсе тілім, менде бірге өшемін, - деп Ә. Тәжібаев жырлағанда, тіліміз туралы қаншама ақын-жазушылар өз шығармаларына арқау еткен.

Бүгінгі сайыс мақсаты (слайдтан көрсету) «Алғырлар» мен «Тапқырлар» топтары арасында жарыс өтеді.

I бекет. «Таныстыру». Әділ қазылармен таныстыру (жауаптарға 10 балға дейін беру)

Ойын барысымен таныстыру.

II бекет. «Бәйге» Әр топтың үш ойыншысы жеке-жеке жауап береді.

Зымыран сұрақтар

«**Тапқырлар**»

I топқа:

1. Табыс септігінің сұрағы (Кімді? Нені?)

2. Жай сөйлем деген не? (Бір ғана тиянақты ойды білдіретін дара сөйлем)

3. Қыстырма сөздер қалай жасалады? (Құрамы жағынан бір не бірнеше сөзден жасалады (бәсе, әуелі, амал қанша))

4. Сөз деген не? (Заттың атауы, қимылы, сыны)

5. Шылау деген не? (Өз алдына толық мағынасы жоқ сөз)

1. Бірыңғай мүшелерден соң қандай шылаулар келеді? (да, де, та, те)

2. Күрделі сөздер деген не?

(Сарыарқа, ата-ана)

3. Итмұрын сөзі қандай сөзге жатады? (Біріккен сөз)

4. Үстеу деген не? (Іс-әрекеттің мезгілін, мекенін, сын-қимылын білдіретін сөз табы)

1. Күшейткіш буын арқылы жасалған қос сөзге мысал айт. Қып қызыл.

2. Кімде? Неде? Қай септіктің сұрағы? (Ж.с)

3. Өнерлі сөзін екі жақта жікте сен өнерлісің...

4. Етістік сөйлем мүшесінде қандай қызмет атқарады? (Баяндауыш)

5. Есімдік деген не? (З, С, С есімдерінің орнына жұмсалатын сөздер)

«**Алғырлар**»

II топқа:

1. Сөз таптарын ата (З, С, С, Е)
2. Тұрлаусыз мүше дегеніміз не? (Бастауыш пен баяндауыштан басқа мүшелерді)
3. Сан есімге мысал келтір (10)
4. Диалог деген не? (Екі адамның сөйлесуі)
5. Қосымшаның неше түрі бар? (2)

1. Дауыссыз дыбыс түрлерін ата (Қ, Ү, Ұ)
2. Тұрлаулы мүшелерді ата. (Бастауыш, баяндауыш)
3. Көкшіл қандай сөз табы? (Сын есім)
4. Т қандай дыбыс? (Қатаң)
5. Сөз құрамын ата. (Түбір мен қосымша)

1. Етістік деген не? (Іс-әрекетті, қимылды білдіреді)
2. Зат есім неше жақта тәуелденеді? (3)
3. -лар, -лер жалғаудың қай түрі? (Жіктелген)
4. Оқушысың не істеліп тұр? (Жіктеліп)
5. Жұрнақтың қызметі қандай? (Сөздің мағынасын өзгертеді)

III бекет. «Ғажайып төрттік».*Оң жақ*

30. Күрделі етістігі бар сөйлем айт

20. Әке көрген ...

Шеше көрген ...

10. Тәуелді жалғаудың екі жағынан жалғауын ата (-ін, -ың)

40. Тіл туралы конституцияның нешінші бабында айтылған? (7-бабында)

Сол жақ

30. Тіл туралы мақал айт

20. 5 сағатта неше минут бар? (300)

10. Сөз деген не? (Зат атауы, қимылы, сыны, саны)

40. Оқушының құқығы.

IV бекет. «Тіл өнері»*Топтарға жалпы үш сұрақ қойылады*

1. Ата Заңы қай күні, жылы қабылданды? (1995 жыл 30 тамыз)

2. Тәуелсіздік күні қай күні және қай жылы қабылданды (1991 жыл 16 желтоқсан)

3. Қазақстан туралы не білесің?

4. Санды дұрыс оқы. 24002478

5. Санды дұрыс жаз 5/4 сыныптар

6. $30(кв) + 7(кв) = ?$

7. Тіл туралы мақал жаз (1 минутта)

Көрермендерге сұрақ:

1. ҚР Мемлекеттік туының авторы (Шәкен Ниязбеков)

2. ҚР Мемлекеттік елтаңбасының авторы (Жандарбек Мәлібеков, Шотаман Уәлиханов)

3. ҚР Мемлекеттік әнұранының авторы (Сөзі: Ж. Нәжімеденов, Н. Назарбаев. Әні: Ш. Қалдаяқов)

V бекет «Ділмар».*«Құнды сөз құнарлы ойдан туады» демекші, ортақ мәтін беріледі, сол мәтін мазмұнына сай мақал тауып жазыңдар.*

Абай Әбішті ертіп өз ауылына қайтты. Атқа мінгізбей екеуі ғана ақырын басып әңгімелесіп келеді. Сен дұрыс айтасың Әбіш, жоқ-жітік туралы айтқаныңның бәрі де өнімді, өрелі сөз. Бірақ саған бір сұрағым бар. Қараңғы кедей жұртының ең алғашқы емшісі екенсің. Сен сол қалың күпке, халқына арнаған ойың, жәрдемің бар ма? — деп Абай баласына барлай қарады.

Әлі оқуымды бітірген жоқпын ғой деп
Әбіш ойын жия алмады.

Абай шапшаң ойын аяқтады. Рас
тауысқан жоқсың. Оқуыңды тауысқан
соң, халық туралы, ауыртпашылық
туралы, болашақ туралы ойладың ба?
Айтшы. Оқу оқып, қызмет етіп елге
көмек бересің

Оқушылар ойланады.

Тіл туралы өлең оқылады.

(Мәтінге сай мақалдар)

Оқусыз білім жоқ

Білімсіз күнің жоқ

Оқу — инемен құдық қазғандай
Ән орындалады.

Әділқазылар бағаларын береді

*Топтардың жинаған ұнайларын са-
нап, жеңімпаздарды марапаттау.*

Бекіту. «Анамыздың ақ сүтімен бо-
йымызға дарыған тілімізді ұмыту бүкіл
ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Роза Жакановна БЕКИШОВА,
Алматы облыстық №1 балалар үйі
директорының
оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Алматы қаласы.

Ақылды қария – ағып жатқан дария

Мақсаты: қазақ салтындағы қыздар-
ға қойылатын қырық түрлі тыймдарды
айта отырып, қыздарды қазақ қызы
деген атқа лайық болуға, ақ жаулық-
ты аналарымыздың пікірлерін тың-
дату арқылы қазақ қызы осылай болу
керек деген ой қалдыру, «Ана қадірі»
атты бейне сюжетті көрсете отырып,
болашақ аналар ретінде отбасының
береке-бірлігін сақтауға, мәдениетті,
көркі ақылына сай қазақ қыздарын
тәрбиелеу. Оқушыларға ұлттық қадір-
қасиеттер, имандылық, үлкенді қадір-
леу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсет-
у керектігін түсіндіру.

Көрнекілігі: слайд, ұнтаспа, нақыл
сөздер жазылған плакаттар, шар, гүл-
дермен безендіру. *(Баяу музыка ойнай-
ды «Анашым» әні орындалады)*

Түрі: тәрбиелік-танымдық сұхбат
кеші.

Жоспар:

I. Кеш қонақтарымен таныстыру;

II. Сыр-сұхбат (Сұрақ-жауап);

III. «Жырымды сіздерге арнаймын»
Оқушылар өздерінің өлең шумақта-
рын оқиды;

IV. Жағдаятты талдау. «Ана қадірі»
атты видео сюжетті көрсету;

V. Қорытынды;

VI. Қонақ әжелерді дастарханға ша-
қыру, алғыс айту.

Тәрбиеші: Әжелермен қыздардың
кездесу кешіне қош келдіңіздер!

Тәрбиеші: Қарт адамдарды мадақ-
тап, құрмет көрсету өсіп келе жат-
қан жастардың міндеті. Ол кісілердің
ақылдарын тыңдап, көмектесу бәрі-

міздің міндетіміз. Осы күнге арнап қазір бәріміз оқушымен «Менің күнім» атты психологиялық ойын ойнаймыз. Алдарыңызда жатқан ақ паракқа күннің суретін салып, жан-жағына күннің шуақтарын салыңыздар. Дәл ортасына өздеріңіздің ата немесе әжелеріңіздің есімін жазып, сипаттап беріңіз.

(3 минут)

Тәрбиеші: Құрметті ақ жаулықты ана ертеңгі ұрпағына өсиет айтар, тәлім-тәрбие берер қазыналы қарттарымыздың аталы сөздерін естіп, ертеңгі күнге сабақ алып, көп жылғы бала тәрбиелеудегі тәжірибелеріңізді, асыл сөздеріңізді көкейімізге ұялату мақсатында ұйымдастырылған «Сыр сұхбат» алаңына қош келдіңіздер!

Кездесу кешімізді бастамас бұрын сіздерге арналған ән шашауымызды қабыл алыңыздар!

«Асыл әжем» әні орындалады.

Әже-ақ сүт берген аналардың анасы. Әже әрқашан да балалық бал дәуреннің басы-қасында болып, асыраушы, аялаушы, тәрбиелеуші басты кісі. Өмір өрнектеріне, тіршілікке көбірек араласқан ана перзентін көбінесе әженің қарауында қалдырады. «Жан жүрегім, жарығым» деп әже немересін, шөбересін жүрегіне теңейді. Жан жүрегін салып нәрестені, бүлдіршін жасөспірімді тәрбиелейді.

Құрметті әжелер, біз бүгін көңілде жүрген сұрақтарды қоя отырып, өздеріңізбен әңгімемізді диалог түрінде өрбітсек деген ойдамыз;

Олай болса, бүгінгі немереңізге арналған сөзіңіз қандай?

- Әжелер сөз сөйлейді.

- **Оқушылар сұрақтары:** (Оқушылар сұрақ қояды)

- Қазақстанның болашағы жастардың қолында дейді, сондықтан өсіп келе жатқан жасөспірімдерге ақыл-кеңестеріңіз қандай?

- Қазіргі таңда жастарымыз үлкендерді өз дәрежесінде құрметтеп жүрме?

- Өз отбасыңызда қандай ұстанымдарға сүйенесіз?

- Сіздердің жастық уақыттарыңызбен қазіргі таңдағы жастардың айырмашылығы қандай?

Жырымды сізге арнаймын!

Тәрбиеші:

Ата-әжем мақтанышым менің де,
Қонақ болып отыр менің төрімде
Өзіңе арнап былай тәтті үніммен,
Ән салатын кезім келді менің де!
дей келе, оқушылардың әжелеріне деген жыр шумақтарына кезек берелік.
/Әжелеріне деген жыр шумақтарын арнау/

1-оқушы:

Тентек болсам ашынып,
Жақсы іс қылсам асырып.
Маған сақтап жүреді,
Тәттіні де жасырып.
Тосып тәтті дәмдерін,
Ол бар жерде бал жедім.
Мен ұйықтарда айтады,
Ертегісін әндерін.
Біздің үйде осындай,
Әжетайым бар менің!

2-оқушы:

Ақ Әжем, өзің мені өсірген,
Айналайын, ақ әжем.
Тентек болсам кешірген.
Шөлдедің бе дана әжем?

Шай қайнатып келейін,
Шекер салып жан әжем.
Өзім құйып берейін
Балдай тәтті бал әжем.

Тәрбиеші: Қыз бала тәрбиесіне қатысты халқымыздың мақал-мәтелдерінің орны ерекше, тәрбиелік мәні зор. Ендеше, қымбатты қыздар сендерді сынап көрейік! Мен айтатын мақалдарды аяқтаңыздар!

- Ата даңқымен қыз өсер,

Мата даңқымен бөз өтер.

- Қыз өссе — елдің көркі,

ұл өссе жердің — жердің көркі.

- Ұлға отыз үйден тыю,

Қызға қырық үйден тыю.

- Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол,

Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол.

«Ерке сылқым» күйі орындалады.

Видео: «Ана қадірі» (мультимедиялық құрылғымен көрсетіледі)

1. Бейнесюжетті көргеннен соң, қандай ой қалыптасты?

2. Осындағы бір отбасының ұйытқысы бола алмай өзінің жолдасының анасын, өз анасынан алалағаны дұрыс па?

3. Бұл жерде келін болып отырған қыз сыйластық тәрбиесін өз анасына ғана көрсетіп, жолдасының анасына не себептен әділетсіздікпен қарады деп ойлайсың?

4. Бұндай жағдайға апарған кімнің қатесі?

5. Болашақта біз сияқты қазақ қыздарының өзге отбасына барғанда, береке-бірлікті сақтамай тәрбиесіздік көрсеткені дұрыс па?

6. Дұрыс емес жағдайда, осы жағдайдың алдын алу үшін не істеу керек?

Тәрбиеші:

Ата менен немере-аяқталмас бір дастан

Екеуіне керегі — ашық болсын нұрлы аспан!

Балаңнан тәтті дейді немере,

Маған ақы сен өмірде төлем

Гүл сияқты алақанмен аялап,

Күн сияқты көтеремін төбеме, - дей келе, Қазақстанның болашағы — жастардың қолында дейді, сондықтан біз сияқты жастарға берер ақыл кеңестеріңізді немерелеріңізбен және оқушылармен бірлесе отырып, **«Тілек ағашына»** өздеріңіздің жылы лебіздеріңізді жазуыңызды сұраймын.

Тәрбиеші: Сіздердің тілектеріңіз үшін көп рахмет! Қарттарымызды ардақтап өтейік, оларды сыйлап қадірлендер! Олай болса, алдағы өмірлеріңде жүрегі кең, адал, мейірімді, қайырымды азамат болып өсіңдер! Қарттардың алдында әрқашанда бас иіп тұрыңдар!

Гүл өссе елдің көркі,

Қыз өссе жердің көркі, - дегендей қазақ деген атқа лайық, ата-анаға сөз келтірмейтін, ұлттық дәстүрімізді құрметтеген, инабатты, ибалы, білімді болып өсейік! Қазір қонаққа келген әжелерімізбен, аталарымызға арнап, барлығымыз бірге **«Ана туралы»** жырды орындайық!

(Мультимедиялық тақтадан өлең жолдары көрсетіледі)

Бірге: Көріскенше күн жақсы, аман сау болыңыздар!

Мерекелік шараны аяқтай келе «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» демекші ата-әжелер бата, ізгі ниет-тілектеріңіз болса, сөз кезегін өздеріңізге береміз. Оқушылар өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын тарту етеді.

Назгүл Маратовна ЖУМИНА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп- гимназия-интернаты
тәрбиешісі.
Подстепный ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Қонақжай халық ұрпағымыз

Мақсаты: халқымыздың асыл қасиеті — қонақжайлылық туралы балалардың пікірін дұрыс қалыптастыру, жақсы жағын бойларына сіңіріп, жаманынан жирендіру, ең бастысы, әдептілік пен қонақжайлылық ұғымдарының мағынасын ашу.

Түрі: әңгімелеу, пікірталас.

Көрнекілігі: қонақ туралы айтылған нақыл сөздер, мақал-мәтелдер жазылған плакат, сурет, шар.

Барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі;

II. «Мен қонаққа барғанда» әңгімелеу;

III. Ауылдың алты ауызы;

IV. «Қай қонақ?» көрініс;

V. «Қонақ келсе ...» мақал-мәтелді жалғастыр;

VI. «Заманымыз қонақжайлықты көтере ме?» пікірталас;

VII. Қонаққәде;

VIII. Қорытынды. Бата беру.

Жүргізуші:

Қазақ осы — қарасың ба, ақсың ба,
Қоңырсың ба жатырқауды білмей-
тін.

Қазақ осы — көргенінен танбай-
тын,

Той-думансыз оты түзу жанбай-
тын.

Қазақ осы — алудай-ақ алатын,
Ал беруден алдына жан салмай-
тын,

Қазақ осы — ашық-жарқын қаба-
ғы,

Қонақ келсе шабылып бір қала-
ды...

(Қадір Мырза Әлінің «Қазақ осы»
өлеңімен тәрбие сағатын ашу).

- Құрметті оқушылар, қонақтар!
«Қонақжай халық ұрпағымыз» деген
тәрбиелік сағатымызды бастайық.

Білім ордасы, мектебіміздің қара шаңырағында қонақта отырмыз. Келген қонақтарымызды төрге шығарып, қошемет көрсетейік. Ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан игі дәстүрінің бірі — қонақжайлық. Қандай жағдайда да қонақпын деп келген адамды кеудесінен итермей, жылы шыраймен қарсы алып, қолындағы барымен дегендей шамасы келгенше сый-құрметін көрсетіп аттандыру әркімнің парызы саналды. Қазақ — сыншыл халық. Қонақ бола отырып, сый-құрметіне қарай баға беріп тастаған. Біздің ерекшелігіміз — қонақжайлылығымызда. Екі ауылға бөлініп бүгінгі тәрбиелік сабағымызды «Мен қонаққа барғанда» тақырыбындағы әңгіме-хикаядан бастайық.

(Екі топ кезек-кезек әңгімелеп береді)

- Халқымыз қонақты сұрыптап, сипаттап қойған. Қонақтың түр-түрі болады. Қандай қонақтар болады, кім айтады?

- Иә, жалпы мейман атаулы «арнайы қонақ», «құдайы қонақ», «сыйлы қонақ», «қыдырма қонақ», «қылқима қонақ» болады екен. Бұл қонақтар қандай қонақтар, оған қазір көз жеткіземіз. Біздің ата-аналарымыз қонақ түрлерін сомдап берсін, біз қай қонақ екенін табамыз.

(Ата-аналарға қонақ түрлері жазылған топшамалар беріледі. Өздеріне берілген қонақты сомдайды. Әзірленуге 5 минут уақыт беріледі).

- Аналарымыз тапсырмаға дайын болғанша, қонақтардың көңілін көтеріп, біз ауылдың алты ауызын айтсақ қалай болады?

Жүргізуші: Бәрекелді, балалар!

Қазақ халқы қонақ күтуді де, қонақ болып қыдыруды да қызық көрген. Сондықтан халық мәтелі «Асын барда ел таны беріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп» деп, ер азаматқа үйінде отыра бермей, ел көр, жер көр, көппен аралас деп кеңес бергендей сыңай білдіреді. Енді көрініске назар салайық.

1. Арнайы қонақ — арнайы шақырылған қонақ.

2. Сыйлы қонақ — әлдеқайдан жолы түсіп келе қалған, шақыртсаң келтіре алмайтын аса қадірлі қонақ.

3. Құдайы қонақ — қазақтың байырғы көлігі ат. Сондықтан олардың жылдамдығы күндік жол, түстік жолмен өлшенеді. Жолаушы өзінің ат басын кездейсоқ ауылға рұқсат сұрай отырып, тірейтін болған. Танымайтын, білмейтін адамдардың қонақ болуы — құдайы қонақ деп саналады.

4. Қыдырма қонақ — екі күннің бірінде тәтті тамақты аңсап үй аралап, жөнсіз қыдыратын адам.

5. Қылқима қонақ — әр үйдің түтінін аңдып, осы түтіннің өзінен қандай дәм пісіріп жатқанын тап басып танып, жоқтан өзгені сылтауратып жетіп баратын адам.

Жүргізуші: «Қонақпен еріп, құт келеді» деген сенім бойынша, қонағын қарсы алған отағасы есігін өзі ашып,



алдымен үйге қонағын кіргізеді. Ал шығарып саларда үй есігін қонаққа ашқызады. Өзі ашса қонағын қуғанмен бірдей болып саналады.

Қонақтың әңгімесіне әсіресе, балалар құмар болады. «Адам болар бала қонаққа үйір» деп халық тегін айтпаған. Себебі қонақ жат ортадан келуімен байланысты, ол ел арасындағы жаңалықтар, көптеген нақыл сөз, ой-пікірлер айтып, өскелең ұрпақтың ақыл-ойына, дүниетанымына, қарым-қатынасының кеңістігіне ықпалын тигізген. Осындай үлкен-кішілердің арасындағы қарым-қатынас арқылы бала әңгіме тыңдап, ән айтудың, демалудың бір түріне, оның дәстүрлі әдеттеріне жастайынан үйренген.

- Қонақ туралы айтылған көптеген мақалдар, мәтел, нақыл сөздер бар.

Қандай мақал-мәтел білесіңдер? Мен сіздерге мақал айтамын, жалғасын табасыздар.

1. «Қонақ елсе, ...» (құт келер)
2. «Қонақ аз отырып, ...» (көп сыйнайды)
3. «Қонақ бірінші күні - ... , екінші күні - ... , үшінші күні -» (құт, жұт, зыт)
4. «Бұрынғы қонақ ...» (кейінгі қонаққа орын берер)
5. «Қонағыңның алтынын алма, ...» (алғысын ал)
6. «Құтты қонақ келсе, ...» (қой егіз табар)
7. «Қонағым жүре ...» (тоярсың)

8. «Сыйларға асың болмаса, ...» (сыйпарға тілің болсын)

9. «Жақсы бала ...» (қонаққа үйір)

10. «Қонаққа кел демек бар, ...» (кет демек жоқ)

Өте жақсы. Бәріміз де осы түйінді ойларды дұрыс түсінген сияқтымыз.

Жүргізуші: Қазақ қонақ келсе қорадағы жалғыз атын сойған деген сөздерден біз көп нәрсені ұққандаймыз. Мына жерде әр үйдің отағасы мен отаналары отыр. Балалар кішкентай болғанмен үйге келген қонақты қалай құрметтеп жатқандықтарын сіздерден көреді. Үйдегі бар тәттіні қонаққа деп алып қоямыз. Қонақжай халықтың ұрпағымызбыз десек те, қазіргі заманда біз қонақжайлықты талап ете қоймаймыз. Күтпеген қонақтың келуі үй иелерін әбігерге түсіруі де мүмкін. Үйге біреу келе жатқанын көрсе болды балаларына «Үйде папам жоқ, мама жоқ» деп өтірік айтқызуға мәжбүрлейміз. Міне, осы айтылған сөздерді сіздердің орталарыңызға «Заманымыз қонақжайлықты көтере ме?» деген тақырыпта жалғасын табады деген оймен пікірталас жүргізуді жөн деп санадым.

Заманымыз қонақжайлылықты көтереді деген қонақтар көк үстелге, ал заманымыз қонақжайлылықты көтермейді деген пікірдегі жандарды қызыл үстелге шақырамыз. Өз ойымызды ортаға салып, ой бөліссек.

(Үш адамнан екі топ пікір таластырады).

Заманымыз қонақжайлылықты көтереді	Заманымыз қонақжайлылықты көтермейді
1. Өйткені біз қазақ халқы қонақжай халықпыз.	1. Қазіргі заман қонақжайлылықты көтермейді.
2. Бір күні той-думансыз өтпеген	2. Қазақта той деген көбейіп кетті.
3. Қонақты құдайындай сыйлаған халық.	3. Ысырапшылдық, төкпе-шашпалыққа салынғандық.

Жүргізуші: Балалар біз енді келген қонақтардан қонақкәде сұрамаймыз ба? Ол әуелі дайындала тұрсын. Ал, мен сіздерді Қылышбай шешеннің бұрынырақта қонақкәдеге байланысты айтылған сөзімен таныстырайын.

«Бір күні Қылышбай қоналыққа Көлбай деген сараң байдың үйіне келіп түседі. Беймезгіл қонақтың келуін жаратпаған сараң бай Көлбай оған ас аспай, тек шай ғана береді. Шай ішіп болған соң, жатып ұйықтар алдында Көлбай Қылышбайға «қонақ кәде» істе дейді, Қылышбай «Ол қалай болушы еді», - дейді.

- Бір ауыз өлең шығарсаң, сол қонақ кәдең болады, - депті бай, осыдан не шығар дейсің дегендей.

Сол жерде Қылышбай:

- Сөйлейін сөйле десе Көл-ағасы,

Бермейсің қонақ келсе қонақасы.
«Көлбай» деп қайран атты кім қойды екен,

Көл түгел шұқанақтың садағасы, - деп суырып салыпты.

Қонағының сөзінен шошыған Көлбай:

- Әй, бәйбіше, мына өлең елге жайылып, жұрт бізді мазақ етер! Тезірек қазан ас! - депті.

- Міне, осылай қазақ қонақ бола отырып, сараң адамдарды сынай отырады. Керек жерде сөз тауып айта қояды.

- Қане, қонақтардың өнері қандай болмақ, байқап көрелік. (Қонақ кәде сұрау).

Қорытынды.

Сонымен қазақ халқының қонақ күту дәстүрі ел-жұрт арасындағы ізгі қарым-қатынастарды нығайтуға, ағайын-туысқандардың, көрші-қоландардың алыс берісіне, үлкен-кіші болып сыйласуына, өскелең ұрпақты жастайынан көпшіл, мейірімді, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқоршы болуды үйретуге өте зор ықпалын тигізген.

Сабактың соңында қонақтардың үлкені бата береді.

Айболат ТҮГЕЛТАЕВ,
Қоскөл орта мектебінің мұғалімі.
Қаратөбе ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Әке – асқар тау

Сабақтың мақсаты: жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, әке тәрбиесінің маңызын ұғындыру. Ата-ананы сыйлап, құрметтей білуге, парызын өтеуге баулу.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, сюжетті суреттер.

Техникалық құралдар: магнитофон, ұнтаспа.

Сабақтың барысы:

1. Алғашқы ұйымдастыру кезеңі.

а) Сабақтың тақырыбы, мақсатын хабарлау.

2. Негізгі бөлім.

ә) Мұғалімнің кіріспе сөзі.

- Әке! Осы бір ауыз сөзде қанша мағына жатыр десенші!

Иә, әке-қорғаның, қамқоршың, айбатың, сүйінішің, үлгі-өнеген емес пе? Әке алдында өскен бала бақытты. Соғыс жылдардағы балалар әкесіз өсті. Жазушы Дулат Исабеков бір сөзінде: «Біз әкесіз өстік «Әке» деп айтып көрмеппіз. Өйткені ес білгелі әкемізді көргеніміз жоқ. Бізді әпкеміз бақты. Әке қандай болды екен?» деп ойлаушы едік.» дейді. Әкенің қадірін әкесі жоқтар жақсы біледі. Ертеде бір есер хан болыпты. (аңыз айтылады.) «Баланың бақыты-әкемен. Ендеше, әкені аялай білңдер! Әке көңіліне қаяу түсірмеңдер. Әке-асқар тауларың, әке-жасыл бауларың, әке — кешегі сұрапыл соғыста қасық қанын қиған батыр, әке — бейбіт өмірді жырлаған ақын, әке — желтоқсанда жанын қиған асыл ер, келешекті көре білген кемеңгер. «Қан-

ша мектеп, институт оқығанмен, жақсы әкесіз жақсы тәрбие жоқ» дегендей әкенің ақылын тыңдап, өсиетін орындап жүріңдер. Әкенің алдымен үйретері-жеті ата. «Жеті атасын білген ер-жеті жұрттың қамын жер» деп, менің әкем де кішкентай бала кезімде алдына отырғызып, жеті атамызды айтып, жаттататын. Күнде ұмытып қалмады ма екен? деп қайталап сұрайтын. Жаңылмай айтып берсем, төбесі көкке жететін.

Мәдинада — Мұхаммед,

Түркістанда — Қожа Ахмет,

Маңғыстауда — Пір Бекет, - деп Адай ұрпағының сыйынар Пірі — Бекет атаның бес баласы болған. Жайлау, Бәйтелі, Байнияз, Қодар, Тоғай.

Байтеліден-Айманбет-Тәш-Бектілеу-Өсер-Леухан. Менің жеті атам осылар.

- Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыз сайыс түрінде өтпек. Сондықтан екі топқа бөлініп отыра қойыңдар.

Сайыстың шарты 6 кезеңнен тұрады:

1. Жеті атасын білген ер — жеті жұрттың қамын жер. (Жеті атасын айтқызу);

2. Шешен сөз бастар. (Көрсетілген әріптен басталатын сөздер айту). (Сын есім);

3. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы. (Жатқа өлеңдер оқу);

4. Қысқа мәтінді сахналау;

5. Ситуациялық тапсырма;

6. Әке туралы мақал-мәтел айтқызу.

- Сайыс шартымен таныстық. Ендеше сайысымызды бастайық.

1-кезең. Жеті атасын айту.

2-кезең. Шешен сөз бастар.

Ә — әділ, әзілқой, әдемі, әсем.

К — көркем, кішіпейіл, көңілді, кербез.

Е — еңбекқор, ержүрек, елгезек, епті, есті.

А — адал, ақкөңіл, ақылгой.

С — сенімді, сабырлы, сергек, сыпайы, сезімтал, сүйікті.

Қ — қайырымды, қайсар, қайратты.

А — ақылды, ардақты, абыройлы.

Р — рақымды.

Т — табыскер, талантты, талғампаз, тиянақты, турашыл.

А — адамгершілікті, ақынжанды.

У — уәдешіл, уағызшыл.

- Ендеше, бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы: «Әке — асқар тау» деп аталады.

3-кезең. Әке туралы өлеңдер оқу.

1-оқушы:

Жас едім өмірге еркін бойламаған,

Күні ертең не боларын ойламаған.

Шарықтап кетсем-дағы қанат қағып,

Өзіндей камқор әке қайда маған?

2-оқушы:

Сүрінсем сынай қарап от жанарың,

Сен мені жақтамадың, ақтамадың.

Әрдайым осы қатал мінезіңнен,

Күш алып мақсатыма аттанамын.

3-оқушы:

Жас әке, шертіп сезім домбырасын,

Кеудемді қуанышқа толтырасың.

Арманның асқарына құлаш ұрсаң,

Алдымда асқар тау боп сен тұрасың.

4-оқушы:

Бұл күнде мен де өзеннің арнасымын,

Кім мөлдір болса соның жолдасымын,

Қуан сен, қуана бер, әкетайым,

Мен — сенің өміріңнің жалғасымын.

5-оқушы:

Жапырақ жайған бәйтерек,

Тереңге тартқан тамырың.

Сезбеппін әке, ертерек,

Жаныңның ыстық жалынын.

6-оқушы:

Ертеңім үшін көз ілмей,

Атқыздың әрбір таңынды.

Түсінер кім бар өзіндей,

Сағыныш толы жанымды.

7-оқушы:

Махаббат нәрін жиыпсың,

Көңілге қуат беретін.

Жолыма менің қиыпсың,

Бақытты өзің көретін.

8-оқушы:

Мейірім шашқан жүзіңнен,

Өмірдің ізін көремін.

Әкелік асыл сөзіңнен,

Жолымды тауып келемін.

9-оқушы:

Аққудай ақ арманым,

Ауырмашы, әкешім.

Ауруы көп жалғанның,

Қартаймашы әкешім

10-оқушы:

Қамқорсың әке өмірімде,

Қуатым сенсің көңілде.

Әлпештеп мені өсірдің,

Ұшармын ертең көгінде.

Қысқа мәтінді сахналау.

1-мәтін. «Әскерге шығарып салу»

Әкесі: «Балам, адал бол, ешкімнің ала жібін аттама» деп ақыл айтып отырды. Осы кезде почташы келіп шақырту қағазын береді. Баласы: «Әке,

анашым, мені әскерге шақыртып жатыр».

Анасы: «Ұлым-ау, 2 жыл сені қалай көрмей жүремін. Аман бол, әйтеуір».

Әкесі: «Балам, Отан алдындағы борышыңды адал атқар. Бізді ұятқа қалдырма». Осы кезде достары келеді, бата сұрайды. Содан соң әскерге шығарып салады.

2-мәтін. «Сынық ыдыс».

Айдардың атасы өздерімен бірге тұрады. Әкесі мен шешесі оны жақтырмай, сынық ыдыспен тамақ беретін еді. Бір күні әкесі жұмыстан келсе, баласы ағаштан ыдыс жасап отыр екен. Әкесі: «Балам, не жасап отырсың? - деп сұрайды. Сонда баласы: «Сендер қартайғанда тамақ ішетін ыдыс жасап отырмын», - дейді. Әкесі: «Балам мені кешір, қателік жасаппын». Енді атаң бізбен бірге болады дейді.

Музыкалық үзіліс: «Әкеме»

5-кезең. Ситуациялық тапсырма — қарттар үйіне хат. Мұғалім оқып болған соң, оқушылар өз ойларын айтады.

6-кезең. Әке туралы мақал-мәтел айту.

III. Қорытынды.

Сайыс қорытындысын шығару.

«Әкем — әнім» әні хормен орындалады.

- Осымен бүгінгі «Әке — асқар тау» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.

Мөлдір Шымырбекқызы
АСАНОВА,

№125 С. Сапарбеков атындағы орта
мектептің математика-информатика
пәні мұғалімі.

Жаңақорған ауданы,
Қызылорда облысы.

Ана — өмірдің гүлі

Мақсаты: ана — өмірдегі бар жақсылықтың жаршысы екенін ұғындыра отырып, ата-анаға сүйіспеншілікпен қарау, ана мейірімінің қасиетін ұғындыру. Ана мен бала махаббатын жандандыру. Мейірімділік, ибалық, инабаттылық қасиеттерін дамыта отырып, болашақ ұрпағымызды адамгершілігі мол, отбасының жанашыры бола алатын тұлға қалыптастыру.

Көрнекілігі: шарлар, мақал-мәтел жазылған плакат.

Қолданылатын стратегиялар: топтастыру, ой қозғау, 5 минутты эссе.

Өту барысы.

Қызығушылықты ояту. Ой қозғау. Сөзжұмбақ шешу.

Мағынаны тану.

1-оқушы: Ана — бізді дүниеге әкелген адам, «Ана» ең қастерлі, ең аяулы сөз.

2-оқушы: Ана деген сөздің өзі ыстық. Ананың жолы басқа.

3-оқушы: Ана баласын бағып асы-

райды, қамқоршы, жақсы көріп еркелетеді. Бойымыздағы жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды.

4-оқушы: Құтты болсын ардақты ана,

Асыл анам, мерекен.

Құтты болсын теңдік алған

Қуанышты берекең.

5-оқушы: Бал бөбегім баптаған,

Мамам үшін мақтанам!

Аялайтын біздерді

Көп жасасын ақ мамам.

6-оқушы: Алақаны — ақ самал,

Мәпелеген жан ана.

Көкте күнім батса да,

Өзің күнсің балаң.

7-оқушы: Тендесі жоқ данасың,

Арқа тұтар панасың.

Еңбегінді ақтайтын,

Аман болшы анашым.

Әңгіме: «Бәрінен жақсы».

Бір кішкентай қыз көшеде анасынан адасып қалыпты. Ол анасын іздеп жылап келе жатады. Сол кезде алдынан бір бала шығып былай дейді:

- Сен жылама, мен сені анаң алып барамын.

- Сенің анаң қандай еді?

Сонда қыз жылап тұрып: Менің анам ең жақсы адам, ол бәрінен де жақсы! - депті.

Ал енді сендерге сұрақ: Анамызды не үшін жақсы көреміз?

«Менің анам» тақырыбына эссе жаздыру.

Аналарың үйде барлық тірлікті істейді, жұмысқа да үлгереді, үй де жинайды.

- Сендердің аналарың бәрін өз қам-

қорлығына алады, олар барлық шаруаны бітіреді, сонымен қатар олар сіздердің әр ойларыңызды айтқызбай табады, сендердің бар сырларың оларға әрқашан да белгілі.

- Олай болса, балалар, сендерді бір сынап көрелік.

«Кім сезгіш?» ойыны. Көзі байланған оқушы топтың ішінен өз анасын табады

- Балалар, енді сендерді тағы сынап көрмекпін.

«Мен анамды қаншалықты білемін?» балаларға сұрақ қою:

1. Анаң қандай түсті киімді ұнатады?

2. Жақсы көретін тағамы.

3. Ұнататын гүлі қандай?

4. Бос кезде немен шұғылданады?

5. Ұнатпайтын ісі қандай?

«Ана» әні орындалады.

- Ал, балалар, сіздер аналарыңызды байлаулы көзбен таба білдіңіздер.

Олай болса, осындай байлаулы көзбен аналарымыз жақсы көрер ме екен?

Гүл құрастыру. Мына гүлдерді көзін байлап орнына құрастыру. (Анасы құрастырады)

Ой толғаныс. Топтастыру.

Жүректен жүрекке. Аналарына тілек айтып сыйлықтарын табыстайды.

Қорытынды.

**Ботагоз Журсинбековна
ДУЙСЕНОВА,**

**№151 негізгі мектеп ағылшын тілі пәні
мұғалімі.**

**Шиелі ауданы,
Қызылорда облысы.**

Ас атасы – нан



**Рысжан
Сламғазықызы
АШИМБЕКОВА,
№7 орта мектептің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Өтеген батыр кенті,
Іле ауданы,
Алматы облысы.**

Мақсаты: нанды қадірлеуге үйрету;
Нанның дастарқанға қалай келетіндігін айтып, оған көптеген адамдар еңбек ететіндігін түсіндіру; Еңбек адамдарын сыйлай білуге, әр адам нанды үнемдей білуіне тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нан туралы нақыл сөздер, нан түрлері, ұннан жасалған тағамдар.

Тәрбие сағатының барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Тәрбие сағатының мақсатына тоқталу: Кейбір балалар нанды тойғанша жеп, қалғанын лақтырып тастайды. Бұл дұрыс емес. Нан еңбекпен табылады. Дихандар көктемде жерге тұқым себеді. Одан егін өніп шығады. Оны жаз бойы күтіп баптайды. Күзде астықты комбайнмен орып алады. Жүргізушілер машинамен астық қабылдау орындарына жеткізеді. Бидайдан ұн дайындайды. Ұннан неше түрлі нан пісіріледі. Мұның бәрі адамдардың еңбегі. Нан — адамдардың өмірі. Сондықтан да оны қадірлеуіміз керек.

1-оқушы:

Бір кезде болып нанға зар,

Әулие тұтып, нанды ұстап,
«Нан ұрсын» деп қорғанар.
Нан — ардақты адал ас,
Кәрі жас одан аттамас.
Нандай жоқ қой асыл дәм,
Жеп үйренген жасыңнан,
Дастарханнан нан кетсе,
Береке кетер асыннан.
Ей, балалар, балалар,
Болмандар сірә, нанға тар,
Өмірдің алтын арқауы,
Бар қасиет нанда бар.

- Біздің кең байтақ даламызда астықты алқаптар жеткілікті. Еліміз бидайдан мол өнім жинап, тіптен қамбаға сыймай жатса, біз онымен мақтанамыз.

«Ақ бидай» әні орындалады.

2-оқушы: Нан — адамның өмірі. Ол биіктен төгілген мөп-мөлдір зәм-зәм суынан өседі. Жеңіспен алып келген нанға пірім деп, Нанға жырым деп табынам!

3-оқушы:

Нанға үлкен жүрекпен қарандар!
Нанды өмір деп санандар.
Нан болмаса
Қызығың, бақытың
Құр әуре, далбаса.

4-оқушы:

Көкіректі мұң,
Жерді шаң торлайды.
Екі ел бірін-бірі жалмайды.
Елімнің құдіретін асырап тұрған,
Мерейін үстем ғып тұрған
Ол — нан!

- Иә, нан — біздің дастарханымыз-

ға қалай келетінін кеңірек біле түсейік.

Көрініс: «Қайдан келдің, бауырсақ?»
Дүйсековтың «Дән» өлеңі оқылады.

Көрініс: Ас атасы — нан.

- Біздің қазақ халқында нанды қас-терлеуге байланысты айтылған қандай тыйым сөздерді білесіңдер.

Мысалы: нанды бір қолмен үзуге болмайды. Ол кесір болады.

- Нан туралы қандай ақыл-кеңестер айта аласыңдар.

Көрініс: «Бидай мен қаңбақ».

Нан туралы, еңбек туралы мақал-мәтелдер айтқызу.

5-оқушы:

Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар

Нанда адамның еңбегі мен ары бар

Нан өмірдің ана сүті, арқауы

Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар?

Көрініс: «Егінші мен қасқыр»

Сұрақ:

- Қасқыр неліктен нан тауып жеуден бас тартты?

- Саған қай кейіпкер ұнады? Неліктен?

Оқушылар шағын эссе жазады.

Тақырыбы: Нан — Отан байлығы.
Оқушылар өз пікірлерін жария етеді.

6-оқушы:

Кешіре гөр, бір үзім нан асылым,

Кешіре гөр, көрсен бізден асылық

Кешіре гөр, мынау тойған буынды

Аяқ асты жатсаң кейде басылып.

Қорытындылау:

- Сонымен нан туралы бүгінгі біздің ой тұжырымымыз:

Ақ нанды кім қорлайды

Аштықта сол сорлайды.

Алға қойған мақсатымыз:

- Жаксы оқып, еңбек етеміз!

Ас болған жерде бата беріледі.

«Қазақы дастарханым!» әні орындалады.

Менің құқығым

Мақсаты:

Білімділік: құқықтық мәдениеттілікті, әдептілікті, құқықтық сана сезімді қалыптастыру;

Дамытушылық: индивидтердің әлеуметтік пайдалы тәртібін қалыптастыру, олардың өз құқықтары мен міндеттерін өмірдің әр түрлі жағдайларына пайдалана білу қабілеттерін арттыру;

Тәрбиелік: Еркіндік пен демократияның бағалығын ұсынған азамат-

тық тұрғыдан белсенді, заңды тыңдаушы, адам бостандығы мен құқығын сыйлайтын және оны қорғайтын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Типі: пысықтау.

Түрі: жарыс.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Балалар құқығы туралы халықаралық Конвенция; құқық туралы газет журналдар, «Менің құқығым» атты бейне сурет салынған плакаттар.

Сабақтың барысы:

1-жүргізуші: Құқық — мемлекетте қолданылатын барлық құқықтық нормалардың, құқықтық ғұрыптардың, әділеттік үлгілердің, мемлекеттік құқықтық ережелердің жиынтығы. Құқық — бұл қоғам мен мемлекеттің адамға рұқсат еткеннің бәрі, яғни қоғам мен мемлекет бекіткен, жалпыға бірдей тәртіп ережелерін орындау.

1-бөлім. Әрбір топтың топ басшыларын ортаға шақырамыз. Топ аттарымен таныстыру:

1-топ: «Құқығың бар». 2-топ: «Құқығың жоқ»

Құқың бар:

Құқың бар: күл, ойна, шаттанып білім ал,

Құқың бар: табиғат сырларын біліп ал,

Құқың бар: ғалым бол, пайдалы еңбек ет,

Құқың бар достарыңды құрметтеп, халқыңа қызмет ет.

Құқың жоқ:

Құқың жоқ: гүлдерді, көк шөпті жұлуға,

Құқың жоқ: құстардың ұясын бұзуға,

Құқың жоқ: тәртіпсіз, қатыгез бала болуға.

2-бөлім. Сұрақ-жауап:

1-сұрақ: Адам құқығының жалпы халықтық Декларациясы қай жылы қабылданды?

- Адам құқығының жалпы халықтық Декларациясы 1948 жылдың 10 желтоқсанында қабылданды.

2-сұрақ: Декларация деген не?

Декларация феодалдық тәртіптерді жойған барлық мемлекеттердің Конс-

титутциялары үшін негізгі түпкі құжат.

3-сұрақ: Қазақстанда тұңғыш Конституция қай жылы қабылданды: 1993 ж. 28 ақпанда.

4-сұрақ: Конституция деген не?

Конституция мемлекет пен қоғамның негізгі заңы болып табылады.

5-сұрақ: Қазақстанда жаңа Конституция қай жылы қабылданды? 1995 ж. 30 тамызда

6-сұрақ: Сендер өз құқықтарыңыз туралы не айтар едіңіздер?

Әр бала өмір сүруге құқығы бар;

Әр адам білім алуға құқығы бар;

Әр адам өз елінде еркін өмір сүруге және мектеп таңдауға құқығы бар.

7-сұрақ: Бала құқығының қандай түрлері таныс?

Дәрігерлік көмекті тегін алуға;

Дербес ойға ие болуға;

Қоршаған ортаға, табиғатқа құрметпен қарауға құқылы.

8-сұрақ: Күнделікті өздерің қолданып жүрген құқықтарыңды атаңдар?

Мен тәртіпті бұзбауға құқықтымын.

Мен мұғалімді тыңдауға құқықтымын.

Мен ата-анаға көмек беруге құқықтымын.

Мен табиғатты қорғауға құқықтымын.

Мен демалуға құқықтымын.

Мен демалуға құқықтымын, т.б.

4-бөлім: Жағдаятты сұрақтар.

1-топ жетекшісіне:

1. Көшеде ақсақал ата суға барып су алып жатады. Сен не істер едің?

2. Сыныпта бір досың қаламын үйде қалдырып кетеді. Сен не істер едің?

2-топ жетекшісіне:

1. Қарт әже көшеде келе жатып құлап қалады. Сен не істер едің?

2. Үзілісте бір досыңды байқамай

қағып кеттің. Сен не істер едің?

4-бөлім. Әр топ тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер айтады.

5-бөлім. Үй тапсырмасы: Оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру бағытында «Құқығыңды білесің бе?» тақырыбында мазмұндама жазып келу.

Қорытынды.

Балалар біздер жалпы құқық дегеніміз не, құқық бұзушылық оларға тән қылықтар, өз құқығымыз жайында бірнеше мағлұматтар алдық деп есептейміз.

Ата заңға сүйеніп,

Бақытты өмір кешеміз.

Әділ өмір, әділ заң

Әр адамға болсын тән.

Ендеше өз білімдерімізді әрі қарай дамыта отырып бүгінгі тәрбие сағатымызды жабық деп жариялаймыз.

Жанна Болатқызы ЖОЛАМАНОВА,

М. Өтемісұлы атындағы облыстық

сауықтыру

мектеп-интернатының тәрбиешісі.

Орал қаласы,

Батыс Қазақстан облысы.

Бала – ұрпақ жалғасы!

(Әке туралы музыка ойнап тұрады)

Мақсаты: Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру, әкеге деген бала махаббатын ояту.

(Музыка ойнап тұрады)

Көрнекілік: аппаратура, микрофон, эмблема, шар, сурет, түрлі-түсті қағаздар, баннер.

Ұйымдастыру бөлімі.

Жүргізуші: Қайырлы күн, қадірлі қонақтар, ұстаздар, жарқын болашаққа нық қадам басқан жас бүлдіршіндер! Әкеге қарап, ұл өсер демекші, - «Бала – ұрпақ жалғасы!» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

Мерекелік іс-шарамыздың шы-

мылдығын ашу үшін, мектебіміздің директорына сөз кезегін берейік.

Жүргізуші:

Ұшсам-дағы айға мың,

Құламасын байрағым.

Егемендік белгісі,

Өз тілімде сайрадым.

Керегесі керілген,

Орын алған төрімнен.

Қыран құстың саңқылын,

Үзбе, Алла төрімнен.

Хормен «Тәуелсіз ел ұраны!» әні орындалады.

Жүргізуші:

Жиналыппыз сәтті күні бәріміз де,

Үлкен-кіші, жасымыз да, кәріміз де.

Төрлетіңіз, қадірменді қонақтар,

Жайнаған, мына біздің төрімізге! -

дей отырып, алдарыңызда өнер көрсе-



тетін отбасының тірегі атасы мен немере, әкелері мен балалары, ағалары мен інілерін ортаға шақырайық: **(кезекпен шақыру)**

Жүргізуші:

Біздің халық өнер тамған, бай тегі,
Ата-дәстүр, бабалардың тілегі
Оң қолынан өнер тамған өнерпаз
Ортамызда шебер және суретші

(Жұмыстарыңызды әділ қазы алдына әкелсеңіздер, - деп хабарлау)

2. Үй тапсырмасы (қол өнер бұйымдарын әркім өздері әділ қазы алдына апарып қояды) **күй ойналады.**

Жүргізуші:

Әр шаңырақта әкенің орны ерекше.
Әке — отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы.
Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі.

«Әке — асқар тау, ана — қайнар бұлақ, бала жағасындағы құрақ» дегендей, «**Әке**» деген сөз жаныңа қандай жақын, ыстық десеңші! Өмірде әкесін жақсы көрмейтін бала жоқ шығар, өйткені бала үшін әкенің орны бөлек.

Жүргізуші:

3. (Өнерлерін көрсетеді)

Уа, ғажайып, әншілер,
Бар өнерді көрсетер.
Сұлтан атын лайықты,
Кімдер жеңіп әкетер.

(9 сайыскер ән, би, т.б.)

Жүргізуші:

Қайсысы шапшаң, икемді,
Талабына қарайық.
Кімдер зерек, кім жылдам,
Озбырларды табайық!

Ұлттық ойын «Теңге алу» ойналады.

Күй ойналады.

Жүргізуші: Құттықтау сөз әділ қазы алқасына беріледі:

«Мықты жаңғақ»; «Нағыз джентельмендер»; «Сегіз қырлы — бір сырлы»; «Біздің қазына»; «Бағалы элемент»; «Жарқын жүзді отбасы»; «Энергиялық отбасы» номинациялармен марапатталады.

Жүргізуші: Бала үшін әкенің орны бөлек. «Әке» деген сөзді айтқанда өзіңе пана болар, қиындыққа қалдырмас, арманыңа қол созсаң ақ батасын беріп, ақ жол тілейтін адамың екенін бала жүрегі сезердей. «**Әкең барда орындалар арманың!**» дегендей, өмірдегі керегінді алдымен бір Алла, екінші әкең берері анық.

Жүргізуші: Бүгінгі алтын уақыттарыңызды бөліп, біздің іс-шарамызға ат салысып, жанкүйер болған барлық көрермендерге, ұстаздарға, әділ қазы алқасына көп рақмет!

Ерекше құрмет иелері: Ата мен немере, әке мен бала, аға мен інілерімізге мың алғыс!

Отбастарыңыз аман, еліміз тыныш болсын! Ер азаматтар аман болсын!

Хормен: «Әкеге алғыс!»

**Гүлнар Қасымбекқызы
НЫСАНБАЕВА,**

**«Әулиекөл ауданы білім бөлімінің
Әулиекөл бастауыш мектебі» ММ
бастауыш сынып мұғалімі.**

**Әулиекөл ауданы,
Қостанай облысы.**

Төлен Әбдік – қазақ прозасында ерекше қолтаңбасы бар қаламгер

Дәстүрлі «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармаларына арналады.

Төлен Әбдіктің есімі танымал жазушы қайраткерлермен қатар аталып, қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған. Төлен Әбдіктің барлық сан қырлы қоғамдық қайраткерлік және шығармашылық іс-әрекеті қазақ халқының әлемдік өркениетті мәдениетпен танысуы және жазушының шығармалары

адамгершілікке, ізгілікке, мейірімге, еңбексүйгіштік сынды қасиеттерге арналған. Осы акцияға орай Хан ордасы балалар кітапханасында Жәңгір хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 6-сынып оқушыларына



«Суреткердің парасат биігі» атты оқырмандар лентасы өткізілді. Шараны ұйымдастырудағы негізгі мақсат: Төлен Әбдіктің шығармашылығына, оқушылардың кітапқа, поэтикалық сөздеріне деген қызығушылығын ояту.

Отанға деген құрмет пен махаббат сезімдерін бекіту, мемлекеттік тілде сөйлеуге ұмтылысын дамыту. Шара барысында кітапханашы Л. Құрманғалиева Төлен Әбдіктің шығармашылығындағы ұлттық болмыс, қаламгердің шығармашылық келбетін, туындыларындағы рухани әлем суреттері тақырыптары бойынша баяндама жасады. Оқушылар



жазушы шығармаларына тоқталып, әңгімелерінің ерекшелігін, танымдық, тәрбиелік мәнін айтып өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар кітапхана меңгерушісі Н. Әбілқайырова Төлен Әбдіктің шығармашылығына арнал-

ған «Қазақ прозасының пырағы» атты слайд-презентациясымен таныстырып, «Қарымды қаламгер» тақырыбындағы кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

**Лаура Талапқызы
ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,**
Хан ордасы модельді балалар
кітапханасының кітапханашысы.
Батыс Қазақстан облысы.

Өнегелі қаламгер

Жуырда Ақтөбе қаласындағы №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасында жазушы-драматург, журналист Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына орай «Өнегелі қаламгер» атты әдеби вернисаж өтті. Мақсаты: жазушы-драматург Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру, еңбектерін дәріптеу, жазушының шығармалары арқылы адамгершілікке, жауапкершілікке,

барлық жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, әдеби кітап оқуға тарту.

Шара барысында жазушының өмірбаянына толық тоқталды. Оралханның есімін де анасы Күлия қойыпты.





Оның өзі бір — тарих. 1943 жылы Оралханның әкесі Бөкей Орал қаласында еңбек армиясында жүрген кезінде сол жылдың 28 қыркүйегінде Оралхан дүниеге келіпті. Анасы «Әкесі Оралдан аман-есен оралсын» деген ырыммен «Оралхан» атапты. Ниеті қабыл болып, әкесі аман-есен оралады екен. Жалпы өмірде Оралхан сырт көзге сұстылау, ешкімді жақындата бермейтін, тәкаппарлау болып көрінетін. Шын мәнінде өте қарапайым, мейірімді, бауырмал болған. Бала арманынан туындаған «Алтай» өлеңін мектепте оқып жүрген шағында жазған және сол өлеңі «Еңбек туы» аудандық газетінде жарық көрген (№98, 15 ноябрь, 1956 жыл)

Сөз зергері Оралхан Бөкей туралы арнауын Алтынай Ұзақбаева Жерімнің аруысың Алтай тауым,

Бауырында сыңсып өскен бақша-

бауым... деп, мәнеріне келтіріп жатқа айтты. Оралхан Бөкей туралы бейнебаян және жазушының шығармасы бойынша түсірілген «Сайтан көпір» фильмінен үзінді көрсетілді. Фильмде бас кейіпкері Аспан. Шын өмірде болған оқиға. Ауыл басқарушысы Аспанды шақырып, жылқыны қыстаққа айдауға бұйрық береді. Сол жылы Алтайға қар қалың түсіп, жылқыға берер шөп қоры жиналмай, Қамбар ата тұқымын тебінге жіберу мүмкін болмай қалған. Ауыл басқарушысы 3-4 жігітке «жылқыны айдандар» дегенімен, «Сайтан көпір» арқылы өтуге ешкімнің батылы бармапты. Жалғыз өзі жылқыны айдап әкетіп, қар көшкінінің астында қалады. Жылқының біреуі де аман қалмайды. Аспанды өзеннің суы ағызып кетеді. Жағаға өзер шығады, аяғы сынады. Тек жеті күннен кейін іздеушілер тауып алады.



Кітапханашы Раушан Жұмағұлова кітап көрмесіндегі «Қайдасың қасқа құлыным», «Кербұғы», «Атау кере» тағы да басқа шығармаларына тоқталып, мағлұмат беріп таныстырды. Жазушының «Атаукере», «Кербұғы» шығармаларынан оқырмандарымыз Азамат Сүлейменов және Өтесін Батима үзінді оқыды. Сонымен бірге, Оралхан Бөкейдің соңғы сапары 1993 жылы 17 мамырда Үндістан жерінде, Делиде жүрген жерінен, жазушының қысқа өмірі туралы «Делидегі мейманхана» (Оралхан, Ажал, Қарқызы) кітапханамыздың жанынан құрылған «Күншуақ» клубының белсенді мүшелері, №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 8-сынып оқушылары Амандәулет Наз, Карминова Айсұлу, Вахитова Даяна, Үсенов Нұрислам, Ақылбекқызы Жұлдызай, Ұзақбаева Асылай, Еділбай Айбану және Әділбеков Маулен қойылым қойды. Қойылымдағы Оралханның Қар қызына айтқан сөзі «Бәрі кеш! Қош, Қар қызы, Қаншегерім...» Оралхан Бөкей Үндістандағы Дели

қаласына барған іс-сапарда 17 мамыр күні 50 жасқа толуына 4 ай қалғанда мейманханада көз жұмады.

Кеш қонақтары қойылымнан көңілдеріне қыймастық сезімдерін жасыра алмады. Шараны №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің кітапханашысы Ақтолқын Садақбаева Арыстанқызы жазушы-драматург, журналист Оралхан Бөкейдің шығармаларында оқырмандарға үлкен тәрбиелік мәні бар екенін жеткізді. Шара соңында кітапхана меңгерушісі Ақжібек Кеншінбаева белсенді қатысқан оқырмандарға «Қалалық орталықтан дандырылған кітапхана жүйесінің коммуналды мемлекет мекемесінің директоры Гүлнар Салиева Нохымқызының атынан «Алғыс хат», Мақтау қағаздарын табыстады.

**Ақмарал Сүлейменқызы
КЕМАЛОВА,
№5 Самуил Яковлевич Маршак
атындағы қалалық балалар
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.**

Жарысқа шық



**Лаура
Алтынбековна
АЛЬЖАНОВА,
№80
мектеп-гимназияның
бастауыш сынып
мұғалімі.
Астана қаласы.**

Сабақтың мақсаты: оқушылардың ұлттық салт-дәстүр негізінде, білімін кеңейту, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, имандылыққа тәрбиелеу, ұлттық дүниетанымын қалыптастыру. Татулыққа, ынтымақтыққа, бірлікке шақыру.

Көрнекілігі: тарихи тұлғалардың портреттері, колөнер шеберлерінің бұйымдары, бес қару, ат әбзелі, қатысушылардың қолынан шыққан туындылары қойылады.

Сабақтың барысы:

- Қайырлы күн құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! «Жарысқа шық, жасұлан» атты бұлбіршіндер сайысына қош келдіңіздер! Жігіттеріміз өз өнерлерін көрсетіп қана қоймай, біздің салт-дәстүрлерімізді, ұлттық ойындарымызды, шеберліктерін, онымен қоса білімділіктерін көрсетеді. Олай болса, жігіттерімізге сәт-сапар тілей отырып, «Жарысқа шық, жасұлан» атты сайысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

1-жүргізуші:

Уа, халайық, халыйық,
Мұнда назар салайық.
Ата жолын жалғамақ,
Ел дәстүрін қолдамақ
Балалар шықсын ортаға,

Бүгін сұлтан атанбақ.

1-жүргізуші: Құрметті көрермен қауым! Енді сайысқа түсетін жігіттерді кол соғып, қошеметтеп шақырайық. Әр топты өзін танысуға шақырайық.

Жігіттер келіп жетті танысуға,
Бойындағы бар дарынын дамуыға.
Жігерленіп сахнаға келіп жетті,
Әдеппен, ізетпенен табысуға

I. Әр топ өздерін таныстырады.

Жылдар-жылдар тарихтың мол беке-ті,

Сен әкелген жақсылықтар көп тегі.

Көңіліңді шат сезімге баурайды,

Халқымыздың бүгіні мен өткені, - демекші әр топ өмірдерегімен таныстырады.

II. Төсбелгілерін таныстыру.

2-жүргізуші: Сайысымыздың келесі шарты «Тіл — өнер» деп аталады. Бұл бөлімде 1) Өнерін көрсету; 2) Мәнерлеп оқу; 3) Хат жазу.

Қыран бүркіт көтерер елдің нарқын,

Қыран жігіт асырар елдің даңқын, - демекші, сегіз қырлы, бір сырлы жігіттеріміздің өнерлерін көрсетіге шақырамыз.

Әр топтан екі адам ортаға шығып өнер көрсетеді.

- Сайысымыздың келесі шарты «Сикырлы сандық».

1) Киелі сандық сыры. Үш ұғымы туралы сұрақтар:

1. *Үш жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз;*

2. *Үш арсыз: Ұйқы, тамақ, күлкі;*

3. *Үш даусыз: Мінез, кәрілік, ажал.*

II. Жігіттің үш жақын жұртын ата: Ағайын жұрт, нағашы жұрт, қайын жұрт.

III. Үш арысты ата: С. Сейфуллин, Б. Майлин, I. Жансүгіров.

5-сұрақ: Бес асыл мен бес дұшпанды ата.

Бес дұшпан: Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.

Бес асыл: Талап, еңбек, терең ой, қанағат ету, рақым жасау.

Жеті жетімге нелер жатады?

Тыңдаусыз қалған сөз жетім,

Қараусыз қалған жер жетім.

Басшысы жоқ ел жетім,

Аққу-қазсыз көл жетім.

Елінен айырылған ел жетім,

Замандасы қалмаса,

Бәрінен сол жетім.

2) «Мақал-сөздің мәйегі» мақалды қимыл арқылы түсіндіру;

3) «Ескірмейтін есті сөз» тыйым сөздерден жарыс.

Келесі сайысымыз «Ескірмейтін есті сөз».

1. Орта су құйма, түкірме;

2. Мал сүйегін отқа жақпа, ақты төкпе;

3. Қазақ түнде мал, адам санамайды;

4. Пышақтың жүзін жалама, пышақтың жүзін кезбе;

5. Үйге қарай, үйді айналып жүгірме;

6. Айға қарай қолыңды шошайтпа;

7. Күлді, тұзды баспа, шашпа;

8. Жағынды, белінді таянба, тізенді құшақтама;

9. Бас киімді теппе, лақтырма;

10. Итті теппе, итке су шашпа;

11. Есікті керме, табалдырықты баспа;

12. Нанды баспа, шашпа;

13. Түнде өзенге суға түспе, су алуға барма;

14. Мойнына белбеу салма;

15. Жұма күні кір жума;

16. Үш айтта кір жууға, тырнақ, шаш алуға болмайды;

17. Сыпырғышты көкке көтеріп, баланы ұруға болмайды;

18. Кемтар адамға күлме.

1-жүргізуші: Сайысымыздың келесі кезегінде «Білімді мыңды жығар», сұрақ-жауап.

Қой асығы деменіз,

Қолға жақсы сақа гой.

Жасы кіші деменіз,

Ақылы асса аға ғой, - дегендей, білімдерін сынаймыз.

2-жүргізуші. Сайысымыздың келесі шарты «Еңбек үйретеді, өмір ширатады» деп аталады. Бұл бөлімде

1) Матаға ілгек тігу;

2) Талдардан үй жасау;

3) Қамшы жасау.

1-жүргізуші: Эстафеталық ойындар.

Ат өнері білінбес,

Бәйгеге түсіп жарыспай,

Ер өнері біліңбес,

Қоян-қолтық алыспай.

«Ердің асылы күшімен білінеді», - дегендей, келесі тапсырмалар:

1. Асық ату. Бұл сайыста асық атумен бірге берілген есептерді шығару;

2. «Ханталапай»;

3. «Допты беру» А және С-дан бас талатын адам атын айтады;

4. Көз байлап адам бейнесін салу;

5. «Аралда» ойыны кішкентай жерге сиысып тұру.

1-жүргізуші:

Балалар, түсініндар сөздің нарқын,

Әр кезде бола берсін жүздер жарқын.

Мәңгілік жоғарылап жұлдыздарың,

Бақытқа бөлендерші, қазақ халқын,

- дей отырып сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз.

Жеңімпаз топты марапаттау.

«Үйшік» ертегісіне саяхат



**Акерке
Мухаммерқызы
АШКИЕВА,
№8 балабақша
тәрбиешісі.
Алмалы ауданы,
Алматы қаласы.**

Білім беру саласы: «Коммуникация»,
«Таным», «Денсаулық».

Оқу қызметі: Тіл дамыту, ҚМҰҚ, дене
шынықтыру.

Мақсаты: балалардың білімдерін тиянақтап, қорытындылау. Сөз байлықтарын дамыту. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын дамыту, сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, айналадағы өмірді бақылау арқылы дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, сұраққа түсініп жауап беруге үйрету. Өздері білетін өлең тақпақтарды диалогты түрде және қимыл-қозғалыспен айта білуге, білім дағдыларын іске асыра білуге үйрету. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа және кез келген тапсырманы жауапкершілікпен атқаруға, көмек бере білуге тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері.

Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз.
Сәлем бердік сіздерге,
Құрметпен біз.
Жоғары қарап тау көрдім,
Төмен қарап жер көрдім.
Оңға солға бұрылып,
Егеменді ел көрдім.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз ертегілер еліне саяхатқа барамыз. Ол үшін біздер саяхатқа шығамыз. Сендердің алдарыңнан әр түрлі кедергілер кездесуі мүмкін.

Жай әуенмен жүру: аяқтың ұшымен, өкшемен.

Ой, әлем қандай тамаша! Таза ауа. Жасыл ағаштар. Жан-жағымызға қарайықшы, нені көріп тұрмыз?

(Слайдтан) тақтадан үйшіктің суретін көрсету, үйшік көрінеді. Осы кезде тышқан шығады.

Тәрбиеші: Балалар, біздер тышқан қалай жүретінін көрсетейік, сонда тышқанды үркітпейміз (пи-пи-пи-пи деп тышқан жүрісін салу). Балалар, тышқан үйшікке кіргісі келіп тұр екен. Тышқан үйшікке кіру ішін сендерден көмек сұрайды. Үйдің есігін қағады, ешкім тышқанға есік ашпайды. Үйшік сиқырлы екен. Біздер тышқанға есік ашылуы үшін көмектесейік.

- Күн суытып, жапырақтар сарғайса онда қай мезгіл болады? (Күз)

- Дұрыс, күз.

- Күздің неше айы бар? (Үш)

- Күз мезгілінің ерекшеліктері қандай?

- Күз мезгілі туралы тақпақтарымызды есімізге түсірейікші.

Тақпақтар айтады. (Үйшік ашылып, тышқан кіреді)

Тәрбиеші: Балалар, енді ертегіні ары қарай еске түсірейік. Бақа шығады, балалар бақа болып жүреді. Бақаны үйшікке кіргізу үшін «Бақа» өлеңін айтып берейік. (Диалогты)

Бақа, бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ?
Темір телпек көп киіп,
Басым содан жалпақ.
Бақа, бақа, балпақ,
Көзің неге тостақ?
Қырдан қарауыл көп қарап,
Көзім содан тостақ.
Бақа, бақа, балпақ,
Бұтың неге талтақ?

Су ішінде көп жүзіп бұтым содан талтақ.

- Балалар, біз бақаны да үйшікке кіргіздік. Қоян келеді. Балалар қоян болып секектейді. Үйшікке кіргізу үшін біз қоян туралы қандай тақпақ білеміз?

«Сұр қоян»

Ұзын құлақ, сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды.
Ойлы-қырлы жерлермен,
Ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына,
Қиығын салып көзінің.
Келе жатқан томпаңдап,
Көжегі екен өзінің.

- Сендер тапсырманы дұрыс орындап шықтыңдар. Олай болса, саяхатымызды одан әрі жалғастырайық. Балалар, біз қоянды да үйшікке кіргіздік. Енді үйшікке әтеш келеді. Балалар, әтеш болып кеудені керіп, ку-ка-ре-ку деп дыбыстап жүреміз.

Сергіту сәті: (сөз әуенімен балалар орта шығып дене жаттығуын жасайды)

Сәлем, көздер (көзімізді көрсетеміз).

Сәлем, құлақтар (құлақтарды көрсетеміз).

Сәлем, аяқтар (аяқтарымызды көрсетеміз).

Сәлем, қолдар (қолдарымызды көрсетеміз).

Көздер көреді (көздерді алақанмен сипалау).

Құлақтар естиді (құлақты сипалау).

Аяқтар топылдайды (аяқпен тарсылдату).

Қолдар шапалақ ұрады (алақанды ұру).

Алақанға, алақан (алақан көрсту).

Қайда болдың, балақан?

Не жедің, балақан? (Жеп көрсету)

Не іштің, балақан? (Алақанды біріктіріп ішу)

Әжеге бардық,

Бауырсақ жедік,

Айран іштік.

Ұштық, ұштық (төбеде алақанды біріктіріп ұшу)

- Ой, балалар, үйшікке қарай түлкі келе жатыр. Қане, түлкі қалай жүруші еді, көрсетейікші. Балалар, үйшік тағы ашылмай қалды. Санамақтар айтып берейікші. Мінеки түлкіні де үйшікке кіргіздік.

Аю келеді. Аю болып ө-ө-ө-ө деп қорбандап жүру. «Үш аю»

Тақпақты қимылмен көрсету.

Үш аю тұрды орманда,
Таңғы мезгіл болғанда
Жаттығады екен орманда.
Кіп-кішкентай балақан,
Құлағы үлкен момақан.
Шомылуға келеді,
Анасына ереді.
Әкесі де артында,
Қорбандаған қалпында,
Бәрі суға шомылды.
Бәрі болды көңілді.
Анасы да биледі,
Әкесі де биледі.
Екеуіне қосылып,
Баласы да биледі.

Аю үйшікке кіргісі келді, есікке сыймады, терезеден басын тықты, сыймады. Жарайды, достар, сендер ішінде тұра беріңдер, мен төбесінде шатырда тұрайын деп, үйдің төбесіне шықты, үй құлап қалды. Өз ісіне ұялған аю достарын қайтіп жаңа үй салуға шақырады.

Дидактикалық ойын: «Достық үйі»

Геометриялық пішіндерден бетінде суреті бар 1, 2, 3-сурет маған қарап тұс, - деп суретті жоғарыға қарап лақтыру. Балалар суретті бір-бірлеп қағып алып, қандай геометриялық пішін екенін және суретке қарап сипаттап айтып, тақтаға жапсырады. Достық үйін құрастырады.

Тышқан — сұр түсті, еңбекшіл.

Бақа — түсі жасыл, бақылдайды, секіреді, салқын.

Қоян — түсі ақ, қорқақ, жүйрік.

Әтеш — әнші, ертемен оятады.

Аю — түсі қоңыр, үлкен, маймақ, балды жақсы көреді.

Рухани жаңғыру.

- Балалар, аңдар ағаштан әдемі үй тұрғызып алды. Бұрындары біздердің ата-әжеле-ріміз де ағаштан жасалған үйде тұрған.

(Слайдтан киіз үйдің құрылысын, ағаштан жасалған заттарды көрсету)

Достық шеңбері:

Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

Тыныштықты сақтаймыз,

Атсын күліп таңымыз.



Айсәуле ТҰРҒАЛИ,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай
атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-
интернатының 9 «А» сынып оқушысы
«Жас қаламгер» үйірмесінің мүшесі.
Батыс Қазақстан облысы.

Абайға арнау

Абай, Абай қазағымның дарасы мен данасы,
Оны қазір үлгі етеді әрбір қазақ баласы,
Қаншама өсиет, үндеу жазып, өшпейтін із қалдырды,
Олардың сен түкпіріне үңіліп бір қарашы.

Жастайынан еңбек етті халықты адам қылмаққа,
Ғылым, білім ізденеді ол, қол қусырып тұрмақ па?
Зар заманның мінін айтып, ой саралап сынайды,
Надандардың зейінін ашып, дұрыс жолға бұрмаққа.

Қарасөз бен өлеңдері ой салар әрбір адамға,
Шешілмес жұмбақ, бітпейтін сұрақ өрлей берер сананда,
«Қалың елім, қазағым» - деп ертеңін ойлап халықтың,
Таңнан атқан күндей болды қараңғы түнек заманда.

Абай ата, тең келмес саған ешбір қазақ ақыны,
Өзіңсің ғой қазағымның жалғызы мен жақыны,
Ақыл бердің, түйдік ойды, оқыдық сүйіп өлеңді
Арқанда сенің ұмытылмас қазақтың ешбір нақылы.



Кұзар ҚАЛИХАНҚЫЗЫ,
М. Дауленов атындағы мектеп-интернатының
9-сынып оқушысы.

Жетекшісі: Жанар Оралханқызы ЗАХАРОВА,
М. Дауленов атындағы мектеп-интернатының тәрбиешісі.
Зайсан қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы.

Абай арманы

Абай жайлы жазар болсам
тереңдер,
Дана адамға жазылады
өлеңдер.
Ұлы Абай сынығы еді асылдың,
Мың адаммен арпалысқан
кемеңгер.

Бұл өмірде жаралғандай
намыстан,
Аты шулы танылады алыстан.
Өлең сөзбен тамызған сөздің
майын,
Қазақтың бұл Абайы
данышпан.

Бой имеген өзгелердің
ырқына,
Дегенінен қайтпаған жан
жұлқына.
Дана болды, дара болды
өзгеше,
Қайран халық күңкілдеген
сыртына.

Қазақ үшін ішінде тұр бір
қайғы,
Қара халық орнынан да
тұрмайды.
Ертеңгі күн ұрпаққа
алаңдаған,
Көңілінен сенім отын
ұрлайды.

Болса-дағы өзгелермен иық
тең,
Арылмаған жүректегі
күйіктен.
Терін төгіп оятуға қазақты,
Хакім Абай көрінеді биіктен

Күллі әлемге тура жолды
ұлықтаған,
Құр атақ пен мансапқа
құнықтаған.
Жаһанға тұлға болып танылса
да,
Бір құдайдың жаратқанын
ұмытпаған.